

М. ҚАШҚАРИ «ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ СӨЗДІГІНДЕ»
ҚАМТЫЛҒАН ТАЙПАЛАРДЫҢ МЕКЕНІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІЛІ ТУРАЛЫ

X-XI ғасырларда оғыз тайпалары, оның ішінде селжүк және түркімен тайпалары кең көлемді жерді мекендеген. Оғыз тайпаларының негізгі бөлігі Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне дейін көшіп жүрген, одан әрі Хорезмді, Әмударияның төменгі ағысынан Каспий теңізіне дейін қамтыған.

XI ғасырда қыпшақ тайпалары да оғыз тайпалары секілді кең байтақ жерді алып жатты. Көне замандарда батыс қимақтарының бір бұтағы болған шығыс қыпшақтардың негізгі бөлігі көшпелі оғыз және печенек тайпаларының солтүстігінде орналасқан. Оғыз тайпаларының батысқа жылжуына байланысты қыпшақтар Сырдарияның төменгі ағысын, шығысқа қарай Ертіске дейінгі жерлерді иеленді. Шігілдер Ыстықкөлдің солтүстігінен Іле өзеніне дейін, батысқа қарай Шу өзеніне дейін мекендеді. Шігілдердің оңтүстіктегі көршісі қарлұқ тайпалары Тараз-Таласқа дейінгі, солтүстігінде Шу өзеніне дейін орналасты. Қарлұқ тайпалары Жетісуға Тарбағатай асып Ертіс бойына, одан батысқа жылжып Іле өзеніне, яғни Ыстықкөлдің оңтүстігіне орнығып, Нарыннан Шу өзені бойына жайылған. Арғулар Испиджаб пен Баласағұнның аралығын, яғни Талас, Шу өзендерінің орта ағысының тұсын мекен етіпті. Арғу тайпалары жартылай көшпелі тұрмыс кешкен. Иағма тайпасы солтүстікке қарай Іле өзенін бойлай орналасқан, оғыздар Әмудария мен Қытайға дейінгі барлық түркілерді шігіл атағандығын, ол атаудың шығуы Таразға жақын жердегі Шігіл қаласымен байланысты. Ол заманда қарлұқтар мен оғыздарды «түркімендер» деп те атаған. Испиджап, Тараз, Баласағұн қалаларының тұрғындары соғды және түркі тілдерінде сөйлеген, соғдылардың мекені Самарқанд пен Бұхараның аралығында болған.

Қытай Түркістанының бастапқы отырықшы тұрғындары кенжектер болған, олар Қашқари заманында түркіленіп болған.

Қарахан дәуіріндегі Шығыс Түркістанның мұсылмандық иеліктерінің шекарасы екі басты жолдың бойында болған. Олар: солтүстік бағыт Хотаннан (Кучадан) Тұопанға қарай, оңтүстік бағыт Хотаннан Тарым өзені құятын Лобнорға қарай. Иабаку (Өзгенттің жанындағы шағын өзеннің де атауы) тайпасы солтүстікке қарай аққан Иамар (Еміл) өзені бойын, қазіргі Чукучак қаласы тұрған жерді жайлаған. Иабаку тайпасы таза түркі текті емес, олардың өз тілдері болған. Басмылдар — Орхон жазбаларында Шығыс Түркістандағы Бешбалық қаласының ұйғырларға дейінгі тұрғындары. Олар да таза түркі текті емес, өз тілдері болған. Татар түркі текті тайпа емес, ол атау Орхон жазуларында да бар, бірақ олар өздерін кейін «монғол» деп атаған. Печенектер батысқа қарай IX ғасырдың аяғына қарай жылжып, хазарлардың шығыс көршісі болған, Русьтің оңтүстігін мекендеген. Иемектер мен қыпшақтар Ертіс бойын жайлаған.

М. Қашқари түркілер негізінен 20 ұлыстан құралғандықтан, мен тайпалар туралы емес, тұрғылықты, негізгі ұлыстар жайлы жазғанын ескертіп, олардың қалай орналасқанын нақты баяндайды. Мәселен, батысқа қарай печенектер, олардан әрі қыпшақтар, оғыздар, йемектер, башғырттар, басмылдар, қайлар, ябакулар, татарлар мен қырқыздар орналасса, солтүстік пен оңтүстік аралығын шігілдер, тухсилер, яғмалар, ығрақтар, чаруқтар, жумулдар, ұйғырлар, таңғұттар, хытайлар мен табғачтар мекендеген.

Сонымен қатар М. Қашқари бұл еңбегінде түркі тілдерінің алғашқы классификациясын берді. Түркі тайпаларын екі топқа (солтүстік және оңтүстік) бөліп қарауы түркология тарихындағы алғашқы классификация еді. Бұл классификацияда Қашқари географиялық (орналасу орнына қарай) принцип қолданады. Алғаш рет Қашқари қолданған географиялық принцип біздің заманымыздағы басқа да классификацияларда да қолдану тапты (мысалы, профессор Богородицкийдің классификациясы). Сондай-ақ Қашқари көрсетіп кеткен кейбір диалектілік айырмашылықтар да кейін түркі тілдерін топқа бөлуде басты принцип болып қалды (мысалы, екпіннің түсіріліп айтылуы, академик Самойловичтің классификациясы)¹.

Қазіргі лингвистика ғылымында тілдердің генеологиялық туыстығын жіктеуде алыс туыстықтағы және жақын туыстықтағы тілдер деп бөлетіні белгілі. М. Қашқари да өз «Сөздігінде» түркі тайпаларының тілін алыс және жақын туыстыққа жіктеген. Мәселен, қырғыз, қыпшақ, оғыз, тоқсы, иағма, шігіл, ығрақ, чаруқ тайпаларының тілдерін жақын туыстықтағы тілдер десе, оларға тектестігі жақындау тілдер ретінде йемек, башғұрттарды атайды.

Туыстығы болғанмен, бұл тілдерден едәуір ерекшелігі бар тілдерге бұлғар, суварды атаса, бұлғарға печенек тілін жақын деп жіктейді.

Түркі тілдерімен түсінісе алғанмен, басқа тілдерде сөйлейтін, яғни туыс емес тілді тайпаларға чомул (джумул), басмыл, қай, йабаку, татар, қытай, табғачтарды жатқызады. Түркі тайпалары тілдерінің ішінде ең оңай, жеңіл тіл — оғыз тілі, ең таза, яғни Қарахан мемлекетінің әдеби тіліне жақын тілдер ретінде тоқсы және йағма тілдерін атайды.

«Сөздікте» тізбеленген сөздердің қай тайпаның сөзі екендігі туралы белгісі бар сөздер де, белгісі жоқ сөздер де кездеседі. «Сөздікте» 7000-нан астам сөз тізбеленген десек, Э. Н. Наджиптің есебінше, оның 484-інде ғана тайпалық тиесілілігі туралы белгі бар. Белгі қойылған тайпалардың саны 31 тайпа. Олар: арғу, барыстан, басмыл, бұлғар, йемек, кенджек, коче, қай, қарлұқ, қашғар, қыпшақ, қытай, мұсылман еместер, оғыз, өз түрк, соғыт, субар, татар, тохсы, түбүт, түрк, түркімен, уч, ұйғыр, ытлық, шігіл, чомул, хотан, йабаку, йағма, йағман. Арнайы белгі қойылған қырғыз, чаруқ, ығрақ, башғұрт, пешенек, табғач тайпаларының лексикасы да тізіліп талданған, сонда «Сөздікте» барлық талданған тайпалар саны — 37 тайпа. Тілі жағынан таза түркілерге қырғыз, оғыз, қыпшақ, тоқсы, яғма, шігіл, ығрақ, чаруқ жататынын ескертеді. Бұл М. Қашқари «Сөздікті» жасау барысында аралаған жерлерде кездескен тайпалардың аттары ғана болса керек. Тайпалық белгі қойылмаған сөздер-сол кезеңдегі түркі тайпаларының бәріне түсінікті, ортақ сөздер. Демек «Сөздікті» құрастырушы түркі тайпалары лексикасын жалпы түркілік және жеке тайпалық деп 2-ге жіктеп қарағандығын байқау қиын емес. Көрнекі түрколог Э. Н. Наджиптің жіктеуі бойынша тайпалық белгісі бар сөздерді 1 белгілі, 2 белгілі, 3 белгілі, үштен көп белгілі, басқа белгілері бар сөздер деп 5-ке жіктеген.

Зертеуші тайпалық белгі қойылған лексиканы түйіндей келіп, сөздікті түзуші назарына барлық тайпаның барлық сөздері түспегендігін, кейбір тайпа тілдері, мәселен, бұлғар, қытай, коче, соғұт, түбүт, уч, хотан, ытлық және т. б. тайпалардың сөздері «Сөздікке» жолай, кездейсоқ тіркелгендігін айтады².

«Сөздік» авторы тілдерді : 1) «тазалық» деңгейіне қарай, 2) фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктері бойынша сипаттама береді. Тілдің «тазалығы» және «дұрыстығын» басқа тілдің әсерінің болмауымен бағалады. Бұл белгісі бойынша түркі тайпаларының тілдерін «таза» және «аралас» деп бөлді. Ең таза және дұрыс тіл ол бір тілді, парсылармен қарым-қатынаста жасамаған, басқа елдерді араламаған адамдар тілі, ал екі тілді қалалықтармен қарым-қатынастағы адамдардың тілі «бүлінген» тіл деп есептейді. Екі тілді ұлыстар — олар: соғдақтар, кенжектер, арғулар. Қотандықтар, түбүттер және таңғұттар түркілерге кейіннен келген, чин мен мачиндердің өз тілдері бар. Дегенмен де қалалықтар түркі тілін жақсы меңгерген, түркіше де жазады. Түбүттер мен қотандықтардың өз тілдері мен жазулары бар, екеуі де түркіше жақсы сөйлейді. Ұйғырлардың өздерінің түркі тілдері бар, сонымен қатар өз ара сөйлескенде басқа говорды пайдаланады. Олар 24 әріптен тұратын түркі жазуын пайдаланып, онымен хат және кітап жазады. Бұған қоса ұйғырлар мен қытайлықтардың басқа жазулары бар, олармен өз құжаттарын жазады. Жумул, қай, ябаку, татар, басмыл секілді ұлыстардың өздерінің басқа тілдері бар болса да, түркі тілінде жақсы сөйлейді. Нағыз түркі ұлыстарына жататын қырқыздар, қыпшақтар, оғыздар, тухсилер, яғмалар, шігілдер, ығрақтар, чаруқтардың бір ғана тілі бар. Оларға йемектер мен башқырлардың тілдері жақын. Үрім аймағындағы печенектерге дейінгі суварлар мен бұлғарлардың тілі түркі тілі болғанмен, бірқатар сөздің соңын қысқартып айтады. Тілдердің жеңіл оғыздардікі болса, ең дұрыс тіл — тухси мен яғмалардың тілі. Ұйғыр қалаларына дейінгі *Іле, Ертіс пен Еділдің бойындағы халықтардың тілдері — дұрыс түркі тілдері*. Бұлардың ішінде ең анық, ашық та әдемі, татымды тіл — Хақания өлкесіндегі халықтың, хақандықтардың тілі. Баласағұндықтар мен Талас және Бейза қалаларындағы халықтар соғды және түркі тілдерін қолданады. Испиджап шаһарынан Баласағұнға дейінгі барлық қалалардағы арғулардың тілдері — аралас тілдер. Қашқарда кенжек тілінде сөйлейтін ауылдар бар. Қаланың өзінде хақандық түркі тілінде сөйлейді. М. Қашқари түсінікті де қарапайым тілдерге оғыздардың, тухсилердің және яғмалардың тілдерін жатқызады [3:І]. Неге екені белгісіз, әзірбайжан ғалымы М. Ш. Ширалиев «Махмуд Кашғари как диалектолог» атты мақаласындағы³ өзінің келтіріндісінде (цитатасында) қазіргі Қазақстан жеріндегі Іле, Йамар өзендері мен Испиджап (қазіргі Сайрам) қаласының аттарын тастап кетіп аударма жасайды?!

Контекстен тыс жеке-дара тұрған тіл дыбыстары контекст ішінде сөздің түрлі позицияларында (сөз басы, сөз ортасы, сөз соңы) және өзі тіркескен сөздің дыбыстық және буындық құрамына қарай фонемалық қасиеттерге ие болып, позициялық және комбинаторлық сипаттағы фонетикалық процестер (алмасу, өзгеру, түсіп қалу, көмескілену) пайда болады. Сөз бойында және сөздер арасында болатын фонетикалық құбылыстар сөздің қай бөлігінде

болуына байланысты анлауттағы, инлауттағы және ауслауттағы фонетикалық құбылыстар деп жіктеледі. Тіл ғылымында анлауттағы фонетикалық құбылыстарға протеза, эпентеза, аферезис, инлауттағы фонетикалық құбылыстарға редукция, гаплогогия, метатеза, диереза, ауслауттағы фонетикалық құбылыстарға эпитеза, апокопа, синкопа жататыны белгілі. Бұл фонетикалық құбылыстар М. Қашқари еңбегінде түркі тайпалары тілдері арасындағы ерекшеліктер ретінде баяндалады.

М. Қашқари еңбегінің кіріспесіндегі «Тілдегі және сөйлегендегі өзгешеліктер туралы» атты тараушада: «Түбір сөздерде өзгешеліктер аз болады. Сөздердегі өзгешеліктер, ерекшеліктер бағзы бір әріптердің орнына басқа бір әріптер алмасып келгенде, яки түсіп қалғанда көрінеді» деген теориялық тұжырымы түркі тайпалары тілдерінің фонетикалық және лексикалық-грамматикалық айырмашылықтарының негізгі тезисі болып тұр. Автор тайпа тілдеріндегі айырмашылықтарды сол дәуірдегі Қарахан қағанатының әдеби тілі қызметін атқарған хақандық түркі тілімен салыстырады. «Сөздіктегі» «түркілер» деп отырғаны — осы хақандық түркі тілі. М. Қашқари анықтаған есімдер мен етістіктердің негізгі фонетикалық ерекшеліктерін, яғни дыбыстардың алмасуын және қосып айтылуын топтап баяндасақ:

1) түркілер сөз басында қолданатын и дыбысының (иелкін — жолаушы, иылығ сув — жылы су, иуғды — жүк артылған түйе) орнына оғыздар мен қыпшақтар и дыбысын *түсіріп* (елкін, ылығ сув) немесе и дыбысының орнына ж дыбысын *ауыстырып* (жұғдұ) қолданады;

2) түркілер сөз ортасында немесе сөз соңында қолданатын и дыбысының (қой, шығай, қайу нәң — қайсы нәрсе) орнына арғулар н дыбысын *ауыстырып* (қон, шыған, қану нәң) қолданады;

3) түркілер сөз басында қолданатын м дыбысының (мен бардым, мүн - сорпа) орнына оғыз, қыпшақ және суварлар б дыбысын *ауыстырып* (бен бардым, бүн) қолданады;

4) түркілер сөз басында қолданатын т дыбысының (тебәй — түйе, өт - тесік) орнына оғыздар мен оларға жақын жайғасқандар д дыбысын *ауыстырып* (девәй, өд) қолданады; таза түркілер сөз басында қолданатын д дыбысының (бүгде — қанжар, иігде - жиде) орнына оғыздар, оғыз түркімендері мен оларға жақын жайғасқандар т дыбысын *ауыстырып* (бүкте, ікте) қолданады;

5) таза түркілерде т мен б арасындағы дыбысты білдіретін п дыбысын (еп — үй, ап - ау) оғыздар мен оларға жақын жайғасқандар б дыбысын *ауыстырып* (еб, аб) қолданады;

6) түркілер сөздерде қолданатын з (дз) дыбысының (қадзын — қайын аға) орнына йағма, тохсы, қыпшақ, йабақу, татар, қой, жомұл мен оғыздар и дыбысын *ауыстырып* (қайын аға) қолданады;

7) түркілер мен шігілдерде дз дыбысымен айтылатын сөздер (адзақ — аяқ, қарын тодзты — қарын тойды) Рус пен Үрім өлкелеріне дейін шектесе созылған қыпшақ, йемек, сувар, бұлғарлар тілінде з дыбысымен *ауыстырып* (азақ, қарын тозды) айтылса, йағма, тохсы, оғыз бен бағзы арғуларда, одан әрі Шынға дейінгі тайпалардың тілінде и дыбысымен *ауыстырып* (айақ, тойды) айтылады;

8) түркілердің ата, ана деген сөздеріне хотандықтар мен кенжектер сөздің басына һ дыбысын қосып (һата, һана) айтады; «түркі тілдерінде жоқ бұл дыбысты кіргізгендері үшін біз оларды түркілер деп санамаймыз» деген түйін жасайды. Кейбір жағдайларда р мен л, с мен з, з мен с дыбысымен *ауыстырып* айтады;

9) түркілер мерзім мен мекен есімдерін жасағанда қолданатын ғұ дыбыстарының (барғұ иер — баратұғын жер, тұрғұ оғұр — тұрысар уақыт) орнына оғыздар сы дыбысымен *ауыстырып* (барасы иер, тұрасы оғұр) қолданады; Бұл мысалдардың барлығы протезалық ауыстырулар [3: I].

Дыбыстардың түсіріліп айтылуы:

1) түркілер есім сөздерде ғ дыбысын қосып айтатын сөздерді (чүмғұқ — ала қарға, тамғак — тамақ, ауыз) оғыздар мен қыпшақтар *түсіріп* (чүмүк, тамак) айтады;

2) түркілер етістік сөздерде ғ(а) дыбысын қосып айтатын сөздерді (бараған ол — барып жүретұғын ол, ұраған ол — ұра беретін ол) оғыздар мен қыпшақтар *түсіріп* (баран ол, ұран ол) айтады. Автор оғыздар есімдер мен етістіктердегі ғ, г дыбыстарын айтқанда жеңіл болсын деп түсіріп айтады деген түсінік береді;

3) түркілер бұшған (іші, жүрегі қысыла беретұғын) сөзін көпшілік оғыздар мен байырғы қыпшақтар ғ дыбысын *түсіріп* бұшақ дейді [3: I]. (I);

4) «тобық» мағынасындағы оғыздар мен қыпшақтардың башмақ сөзін шігілдер башақ деп, яғни м дыбысын *түсіріп* айтады [3: I]. Бұл — элизия құбылысы.

Дауыссыз дыбыстардың алмастырылып қолданылуы:

1) б < п ана: оғыз тілінде *аба*, қарлұқ түркмендерінде *ана*;

2) б < ф юбка сөзі кейде *иубка*, кейбір тайпалар тілінде *иуфка*;

3) *г < қ қандай, қайда* сөздері түркілерде гайу, ганда десе, оғыздар мен қыпшақтар *қайу, қанда*;

4) *г < г піскен* сөзі түркілерде бушуг, яғмаларда *бушуг*;

5) *г < дж вялено* сөзі кейде гагач, кейбір тайпалар тілінде *гаджач*;

6) *г < қ қандала* сөзі кейде боғсоқ, кейбір тайпалар тілінде *боқсоқ*; *әлсірету* сөзі *гогшаишмақ* — *гогшаишмаг* болып қолданылады;

7) *в < г* : *қовурды* (қуырды), *қарватмақ* (қарбатпақ) сөздеріндегі *в* дыбысы *г* дыбысымен алмасады;

8) *в < м иә* сөзін қыпшақтар *евет*, оғыздар *емет* не *ебет*;

9) *м < н буын* сөзі *бугун* не *бугум*;

10) *л < н* алмасулары етістіктің ырықсыз етісінде: жазылды мағынасында *бітінді* не *бітілді* болып қолданылады;

11) *л < р*: *қарғады* мағынасында *алқады* және *арқады*, не *қарғады* болып қолданылады;

12) *ң < г*: табынды мағынасындағы сөз түркі тілдерінде *тапындың*, ал арғу тайпасында *тапындығ*;

13) *ш < к*: бөлік мағынасындағы *үлүш* кейбір тілдерде *үлүк*;

14) *ш < с*: *сыбырлау* мағынасындағы *суфшамақ* кейбір тілдерде *суфсамақ*;

15) *т < с*: *талақ* мағынасындағы сөз қыпшақтарда *тулақ*, басқаларда *сулақ*;

16) *ш < т*: *шатыр* оғызда *чашур*, түркілерде *чачур*, енді бір түркілерде *чатур*.

Дауысты дыбыстардың алмастырылып қолданылуы:

1) *кесрамен*, яғни *і, ы* дыбыстарымен айтатын тілдер,

2) *земмамен*, яғни *ұ, ү, о, ө* дыбыстарымен айтатын тілдер,

3) *фетхамен*, яғни *а, ә, е* дыбыстарымен айтатын тілдер. Мысалы, түркілердің *сен* сөзін кенжектер кесрамен *сін* дейді. Солтүстік Қытайға дейінгі шігіл, яғма, тохсилар земмамен, сувар, оғыз, қыпшақтар фетхамен айтады. *Түйе, бардым* сөздерін түркілер кесрамен *тiвi, бардым* десе, оғыздар фетхамен тебе, бардум дейді. Ал *ма* сұраулық шылауын түркілер земмамен *му, мү* деп, оғыздар кесрамен *мы, мi* деп қолданады. Зерттеуші А. М. Демирчизаде түркі тілдерін осындай қағидамен топтарға бөлу М. Рясненде де кездесетінін айтады⁴.

Дыбыстардың үндестігі:

1) дауысты мен дауыстының үндестігі;

2) дауысты мен дауыссыздың үндестігі;

3) дауыссыз бен дауыссыздың үндестігі. Сөз түбірінде *г, к* немесе *г* болса, оған жалғанатын қосымша құрамында *г, к, г* немесе жінішке дауыстылар болуы керек, ал сөз түбірінде *г, қ* болса, оған жалғанатын қосымша құрамында *г, қ* немесе жуан дауыстылар болуы керек. Өткен шақтың *-ды, -ді* жұрнақтары қатаң дауыссызға аяқталса, *-ты, -ті* болып жалғанатынын (тапты, тұтты, қачты) да ескертеді.

М. Қашқари орта ғасырлардағы түркі тайпалары тілдеріндегі лексика құрамындағы фонемалардың мағына айырымдық (фоносемантикасын) сипаттарына да талдаулар жасайды. Мәселен, *егетлік* сөзінің: 1) жеңге, неке түні келінмен бірге жүретін қызметші қатын, 2) келіннің өзі деген 2 лексикалық мағынасы, 1) орын есімін, 2) зат қойылған жерді, 3) тұйық етістікті білдіретін 3 грамматикалық мағынасы бар. Егетлік *к* дыбысына аяқталса, «келінге қызмет көрсететін кісі» мағынасын, *г* дыбысына аяқталса, (егетлік), «егесі болған келін» деген мағынаны көрсетеді [3:І]. Етеклік бөз — етек тігілетін бөз, етеклік тон - етекті тон [3:І] дегенде; ешүклүк баршын — жамылғылық, жапқыштық асыл жібек, ешүклүг - киім иесі [3:і] дегенде, яғни *к* мен *г* дыбыстарының мағына айырымдық сипаттары бар.

Тіл туралы ғылымда тілдерді географиялық немесе ареалдық принцип бойынша жіктеу бойынша қарастырсақ, М. Қашқари өз «Сөздігінде» қарастырылған тайпалар тілін батыстан шығысқа қарай орналасуына қарап солтүстік және оңтүстік тілдері деп 2-ге бөледі. Солтүстік тілдерге пешенек, қыпшақ, оғыз, йемек, башғұрт, басмыл, қай, йабақу, татар және қырғыз тайпаларының тілдері, оңтүстік тілдерге шігіл, тоқсы, яғма, ығрақ, чарук, чомул (джумул), ұйғыр, қытай және табғач тайпаларының тілдерін жатқызады. Демек бір ареалды мекен еткен тегі бөлек тілдердің изоглостық қауымдастығын, қазіргі тілмен айтқанда тілдік одақты аңғартып отыр.

1 Томанов М. Махмұт Қашқари // Сөнбес жұлдыздар. — Алматы, 1989. 1: 235-236-б.

2 Наджип Э. Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. — М., 1989.

3 Ширалиев М. Ш. Махмуд Кашгари как диалектолог // Советская тюркология. — 1972. — № 1. — С. 24-30.

4 Демирчизаде А. М. Сравнительный метод Махмуда Кашгари // Советская тюркология. — 1972. — № 1. — С. 5, 39.